

Жаңа жыл күні боп еңсін!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

30 желтоқсан
сенбі

№103 (2010)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

2023 жыл

несімен есте қалды?

Тағы бір жылмен қоштасып, күнтізбенің жаңа парағын ашуға санаулы-күн қалды. Зырғыған уақыт бір белгі жоқтай көрінгенмен, есте қаларлық оқиғалар сол жылдардың куәсіне айналып, тарих бетінде қала беретіні сөзсіз. 2023 жылдың он екі айы да текке өткен жоқ. Жәніс пен жеңіліс, қуаныш пен қайғы қатар жүретін өмір-өзенде жылға арқау болған қуанышты сәттер де, көңіл қынжылтқан сәтте де болды. Тағы бір жылдың күнтізбесін тәмамдар жылжабар нөмірімізде өтіп бара жатқан қоян жылының есте қалған сәттерін сараптағанды жөн көрдік.



Жаңа Қазақстандағы сайлау

Жылдың алғашқы айында Парламент Мәжілісін тарату және жергілікті мәслихат өкілеттігін мерзімімен бұрын тоқтату туралы президент жарлығынан соң елімізде көптеп шыға сайлау өтті. Халық Мәжіліс және жергілікті мәслихат депутаттарын қайта сайлады. Наурыз айында мажоритарлы-пропорционалды аралас жүйе бойынша өткен сайлау нәтижесінде Мәжіліс пен жергілікті мәслихаттың жаңа құрамы өз қызметіне кірісті. Сондай-ақ биылғы жыл алғаш рет аудан әкімдерін сайлаумен есте қалды.

«Қайтқан малда қайыр бар» немесе сыртқа кеткен ақша ел игілігіне жұмсалады

Биыл Мемлекет басшысы «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңға қол қойды. Көп занның ішінде жұртшылықтың назарын аударға осы құжат болды. Олигополиялық топтардың заңсыз иемденген активтері сырттан қайтарылып, ел игілігіне жұмсалады. Заң іске қосылып, сыртқа кеткен қаржы елге қайта бастады. Бір айта кетерлігі, жемқорлардың жымқырған қаржысына елде 72 жаңа мектеп салынбақ.

2 бетте

Жаңа белес, жарқын үміт, жаңа арман

Облыс орталығындағы Асқар Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Жаңа белес, жарқын үміт, жаңа арман» атты мерекелік шара өтті.

Салтанатты шараға арнайы қатысқан қала әкімі Асылбек Шаменов жыл көлеміндегі жетістіктер мен атқарылған ауқымды жобаларға тоқталып, қала тұрғындарын жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

Жыл тоғысында «өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» дегенді жиі айтамыз. Расында, бұл жылдың бізге сыйлаған жақсылығы мол. Қос тойымыз қабат келіп, облысымыздың 85 жылдық және шаһарымыздың 205 жылдық мерейтойы салтанатымызға сан қосты. Мерейлі күндермен қатар Тасбөгет кентінің 75 жылдығы мен Ақсуат ауылдық округінің 95 жылдығы тойланды. Жыл бойы қалада жаңа бастамалар сәтті жүзеге асты.

Облыс орталығында іргелі ғимараттар бой көтерді. Аймақ басшысының қолдауымен «Отбасы орталығы» мен Тасбөгет кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Сонымен қатар 1000 орындық «Өнер орталығы» мен облыстық «Қан орталығы» және «Оқушылар сарайының» құрылысы көпке қуаныш сыйлайды деп үміттенеміз. Осылайша қаладағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешіліп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда маңызды жұмыстар атқарылса, ал инженерлік-инфрақұрылымын



дамдытуда ауқымды істер жасалды. Сондай-ақ жол сапасын жақсарту үшін кешенді шаралар қабылданып, қала қарқынды құрылыс алаңына айналды.

Өткен жыл қала үшін шын мәнінде бірлік пен берекенің, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің, халық қалаған, серпінді жобалардың орындалуымен аса құнды жыл болды. Өрне, әр жаңа жылға егер сәтте жақсылық пен жағымды жаналық күтеміз. Ендеше келер жылы сол ойымыздағы арман-тілегіміз жүзеге асып, бақ-берекеміз таси берсін, – деді қала әкімі.

Мұнан соң қаланың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына үлесін қосқан бірқатар азаматқа Қызылорда қаласының «Құрметті азаматы» атағын табыстаса, «Жыл үздігі» аталымы бойынша әртүрлі салада жетістіктерге жеткендер марапатталды.

Мерекелік кешке ҚР Еңбек сіңірген әртісі Күләш Қалымбетова, қазақ эстрадасының жұлдызы Кенжебек Жанәбілов және Қазанған атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің камералық оркестрі келді. Одан бөлек «Орда», «Жас толқын»

вокалды топтары мен М.Қалауов атындағы өнер мектебінің «Балбұлақ» халықтық балалар үлгілі би ансамблі өнер көрсетсе, «Арайлы» би тобы және «Ақмарал» би студиясы мен «Сырлы саз» халықтық-фольклорлық этно ансамблі және қаламызға белгілі «Дастан» квартеті, «Мереке» вокалды аспаптар ансамблінің өңшілері өз өнерін көрсетіп, кеш қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлады.

НАЛТЫН

Қосшыңырауға «көгілдір отын» жетті

Қосшыңыраулық тұрғындар үшін жылдың соңы жағымды жаңалықпен есте қалмақ. Жергілікті халықтың көптен бергі тілегі орындалып, ауылға «көгілдір отын» келді. Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы қатысты.

Газ жеткен елді мекендер қатары артып келеді. Қазір барлық аудан орталығы мен 4 қала, 24 елді мекен табиғи газ пайдаланады. Биыл 12 ауылдық округке газ кіргізілуде. Жақында Шнелі және Жаңақорған ауданындағы 5 елді мекенге қосылды. Мамыр айында Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі газдандырылды. Енді Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындары да көгілдір отынның игілігін көрмек. Келер жылы 4 миллиард теңгеге тағы 12 елді мекенді газбен қамтамасыз ету жоспарлануда. Облыста келер жылдың соңында газдандыру деңгейі 78 пайызға жетеді. «Көгілдір отынның» келуімен ауыл тұрғындарының

тұрмыс-тіршілігіндегі кейбір қиындықтар артта қалады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Биыл жаз бойы Қосшыңырау ауылдық округін газдандыру бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілген. Енді жергілікті тұрғындар қыста отын жарып, көмір тасып, от жағу машақатынан құтылады.

Жыл сайын ауыл-аймақтың әлеуметтік жағдайы жақсарып, инфрақұрылым деңгейі артып келеді. Шара барысында осындай игілікті істердің жүзеге асуына ұйытқы болған ел басшыларына ардагер Әлихан Смайлов алғыс білдірді.

А.Ә.ПМ



Жылды неге ұлу дейміз?

Бүгінде қоян жылы өткеннің еншісінде қалып, мүшел есебінің бесінші жылы ұлу жылы жақсы жаңалығымен келеді деген сенімдеміз. Себебі ұлу –суда жүретін жұмсақ тәнді жәндіктің бірі болғандықтан, түркі жұрты оның ішінде қазактар бұл жыл келгенде тыныштық жылы келді, құрғақшылық болмайды, берекелі, астық пен көк мол болады деп жақсылыққа жорыған. Алайда ұлу жылында қиындықтардың болғаны Бейімбет Майлиннің «Ұлу» деген өлеңіндегі

«Ұлу келіп көтерді елдің обалын,
Мал жұтатып, сынын алды қораның.

Нақ ұлудай ұлытқан жоқ қазақты,
Атышулы бұлтырғы өткен «қоянның» деген қатарына көз салсақ, кей жылдары ұлудың жайсыз өткені белгілі. Мәселен, 1916 жылы ұлт азаттық көтеріліс болса, 1928 жылғы репрессия тарихқа таңбаланды.

Айтпақшы, қазақтың жыл санауындағы кішкентай ұлуды Қытай елі айдаһар жылы дейді екен. Осыған сәйкес зерттеушілердің айтуынша, «айдаһар» сөзі парсы тілінен шыққан. Оның түркі тіліндегі аудармасын ұлу десе, Монғол тілінде оны «луу» дейді. Жалпы айдаһар жылының ұлуға айналуына қатысты екі болжам бар десе-ді. Соның бірі көшпенділер кезінде қай уақытта да ауа райына байланысты жазы қуаныштықпен, қысы жұтпен есте қалған қоян жылынан кейінгі жылды жауын-шашын мол болсын деген ырыммен сулы жерде өмір сүретін ұлудың атын берген. Ал екінші болжам бойынша айдаһар қытай тілінен аударғанда «лон» деп аталады. Ұлу сөзі осы «лон» сөзінен шыққан дейтіндер де бар.

Ертегі, бәлкі аңыз дерміз, сол оқиғада айтылғандай, он екі жануар жыл атауына таласу барысында тышқан «дауласатын дәнеңе жоқ, бәріміз шығып келе жатқан күнді андымыз. Кімде кім бірінші болып күннің көтеріліп келе жатқанын көрсе, сол бірінші жылдың, одан кейін көргеніміз екінші жылдың атын аламыз. Осылай өз кезегімізбен барлық жылды бөліп аламыз» дейді. Бұған келіскен жануарлар таң атқанын күтеді. Ал тышқан болса демалып жатқан түйенің басына шығып алып, күнді бәрінен бұрын көріп, жыл басы атанады. Бойына сенген түйе осылайша жылдан құр қалады. Өрне, бұның барлығы аңыз-ертегілер. Негізі 12 жылда қайталанатын мүшел мен жыл есебін қазақтар «жыл қайыру» деп атайды.

Зерттеушілердің айтуынша, әрбір жыл несінің мінезінде ерекшелік бар. Мәселен, ұлу жылы өмірге келгендер тұйық мінезді, қарапайым көрінуге тырысатын әрі байсалды, құпияны сақтай білетін және үнсіз жүргенді ұнатады екен. Мамандар қырсықтығы да басым болады дейді. Оның қолынан үлкен істерді атқару келеді, қай істі де өз ақылмен, оңаша шешуге ұмтылады. Осылайша жыл атауы бойынша адамдардың да өзіне тән мінезі болады.

Ал ұлу туралы не білеміз. Ол қандай жәндік?
Ұлу соқыр және сансырау болып келеді. Алайда олар жарық пен қараңғылықты ажырата алады. Өзіне қолайсыз жағдайда 6 айға ұйқыға кетеді. Ол – бір минутта 7 сантиметр қашықтыққа жүретін, өз салмағынан он есе ауыр затты тасымалдайтын жәндік. Сенсеніз де, сенбесеніз де оның тісінің саны ақуладан да көп екен. Жалпы ұлудың тіршілікте өмір сүру ұзақтығы 15 жыл.

Осы келе жатқан жаңа ұлу жылында кімнің жолы болатынын нумеролог маман Құралбай Бақыт egemen.kz ақпарат агенттігіне берген сұхбатында ұлу жылына 8 саны кіретінін жеткізген. Бұл сан нумерологияда ақша саны болып саналады екен.

Нумеролог маманның айтуынша, ұлу жылы ауқымды жобаларға жол бастайтын, қаржылық сауаттылықты арттыратын жыл болғанымен келер жыл өте бауы өтеді. Сондықтан көптеген жоспарды уайымсыз жүзеге асыра аламыз. Уақыт бауы өткеннен кейін де ауа райы да жыл бойы жылы өтеді. Бұл экологиядағы өзгерістерге алып келеді. Соған мән беру керек. Сондай-ақ ұлу жылы кімнің жылы 4 санымен аяқталса, оларға жақсы жыл болады.

Сонымен қатар бұрын еңбегі бағаланбаған адамдар осы жылда табысқа кенелсе, қиыншылықты бастан өткергендер үшін қуанышқа ие болатын жыл болмақ дейді мамандар.

Ұлу жылына қатысты кім не десе де әр адам жан дүниесі мен ішкі түйсігі бойынша жақсылыққа жорды. Себебі нәзік жәндік іесі қандай болса жыл да сондай болады дегенге сенетіндер бар.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

2023 жыл несімен есте қалды?

Қарыздан құтылудың жолы бар ма?

Өткен жыл соңында қабылданған «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң қабылданып, несие қамытынан шыға алмаған елдің қарыз жүктемесін жеңілдетуге сеп болды. Әрине, заңның өз талабы бар. Сонымен қатар «Аманат» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы да ел бойынша жүзеге асуда. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында қолға алған жобаның қаншалықты нәтижелі болатыны уақыт еншісінде. Ең бастысы, халыққа шектен тыс қарызға батудың соны жақсы емесін түсінетін уақыт келгенін түсіндіру.

Әлеуметтің әлеуетін көтеретін құжат

2023 жылы қабылданған маңызды құжаттың бірі – «Әлеуметтік кодекс». Адам өмірінің барлық кезеңін қамтитын құжатта бала дүниеге келгеннен бастап кәмілет жасқа толғанға дейін, мұнан соң жастарды жұмысқа орналастыру, әлеуметтік сақтандыру, мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық, отбасының цифрлық картасын жасау секілді жұмыстың барлығы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған.

Басы 1-бетте



ЖЫЛ САПАРЫ

2023 жыл сырбойылықтар үшін өңірге ел Президентінің келуімен есте қалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Сыр өңіріне арнайы ат басын бұрды.

Президент алдымен аймақта үздік елді мекен деп танылған Нағи Илиясов ауылына барып, ондағы жұртшылықтың тыныс-тіршілігін көрді. Ауылдағы әлеуметтік нысандарды аралады, спортшы жастармен тілдесіп оларға үлкен сенім артатынын жеткізді. Сондай-ақ аймақ экономикасының дамуында өзіндік орны қалыптасқан «Абзал и К» кәсіпорнына барды, еңбек адамдарымен кездесті. Осы кездесуде Мемлекет басшысы облыстың дамуына ерекше мән беретінін айтып, қазіргідей күрделі геосаяси кезеңде еліміздің өркендеуі жолында ауызбірлікпен еңбек етуге шақырды.

Сапар барысында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы облыс орталығында жүзеге асқан және алдағы уақытта ел игілігіне берілетін ауқымды жобалармен танысты.

20 миллионға жеттік!

Мың өліп, мың тірілген қазақ биыл 20 миллионға жетті! Талай зобалаң жылдарды, аштықты да, жұтты да, репрессияны бастан өткеріп, аман қалған қазақтың санының өсуі үлкен қуаныш. 2023 жылдың 14 қарашасында «20 миллионға жеттік» деп бөрімізді аспанға аттық.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, соңғы 30 жылда елімізде халық 22,3%-ға өскен. Мәселен 1991 жылы Қазақстанның халық саны 16,4 млн адамды құраған еді. Бала туудың ең жоғары көрсеткіші 2021 жылы тіркелген, сол жылы 446 мың бала дүниеге есігін ашқан. Жалпы өлім-жітім 1991 жыл мен 2022 жылды салыстырғанда 6,8 есе төмендеді. Ал сәбилер шетінеуінің коэффициенті 3,5 есе төмендеген.

Ақбөкенге оқ аттық

«Егістікке зияны тиеді» деген желеумен киікті атуға рұқсат берген жыл ретінде есте қалды. Әдепкіде қоғам болып қарсы тұрып, тіпті бір министр қызметімен қош айтқанымен, жыл соңына қарай ақбөкенді атуға рұқсат берілді. Ал адамға шабуылдайтын қанғыбас иттерге әлі келмеген қоян жылы бұл мәселені енді ұлу жылына қалдыратыны сөзсіз.

Немқұрайылық салдары

Өтіп бара жатқан жылдың жүректі ауыртқан сәттері де аз емес. Қоян жылында еліміздің көк туы екі мәрте төмен түсіріліп, жалпыұлттық аза тұту күні болды. Біріншісі, маусым айындағы

Семей орманындағы өрт ондаған өрттен күтқару қызметкерінің өмірін жалмаса, қазан айындағы Костенко шахтасындағы апат 45 адамның өмірін қиды. Аза тұтқан ел үшін бұл оқиға немқұрайдылықтың салдарын көрсетті. Ел Үкіметі «Арселор МитталТеміртау» компаниясын сатып алды.

«Жайлы мектеп» салына бастады

2023 жылы жиі қозғалған тақырыптың бірі – жайлы мектеп болды. Ел Президентінің тапсырмасымен өткен жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қабылданған еді. Жалпы бұған дейін де елде білім саласында өзекті мәселелерді шешу үшін бірнеше бағдарлама жүзеге асты. Дегенмен аты да, заты да бөлек бұл жобадан көптің күтері көп. Себебі бұл жай мектеп емес, оқушыға да, мұғалімге де, жалпы ұлт болашағын тәрбиелеу үшін уақыт талабына сай салынатын жаңа да жайлы мектептердің үлгісі болмақ.

Жалпы жобаның мақсаты қандай дегенге келсек, әрине, ең алдымен елімізде мектептердегі орын тапшылығын шешу мақсаты көзделгені белгілі. Ұлттық жобадан атап көрсетілгендей, елімізде мектеп құрылысының қарқыны елдегі білім беру орындарының жетіспеушілігінің орнын толтыруға ілесіп алмай келеді. Сарапшылар пікірінше, 2026 жылға қарай мектептерде орын тапшылығы 1,1 млн-ді құрайды деген болжам бар. «Жайлы мектеп» жобасы аясында елімізде 2026 жылға дейін 740 мың оқушыға арналған 369 мектеп ашу жоспарланған. Жобаны жүзеге асыруға алдағы үш жылға республикалық бюджеттен 2,6 трлн теңге

қаржы қарастырылған. Биыл 461 мың оқушыға арналған 217 мектептің құрылысы басталды.

Сыр өңірінде де бұл мақсатта жүйелі жұмыстар жүреді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облысымызда 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд теңге. 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11-і келесі жылы басталады. «Білімді қолдау коры» есебінен Қызылорда қаласында құны 7 млрд 900 млн теңгені құрайтын физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қызылорда қаласында 4 іргелі мектептің жанынан 1850 орынға арналған қосымша ғимараттар салынып, пайдалануға берілді.

Жалпы жыл бойы есте қалар оқиғаларды бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Аймақтың өзінде жыл бойы елді елең еткізген жаңалықтар аз болған жоқ. Мемлекет басшысының сапары, жүзеге асқан игі жобалар аз емес. Бір сөзбен айтқанда, бұл жыл сырбойылықтар үшін құрылысы қарқын алған жыл болды. Нәтижесінде жаңа неке сарайы, «Анаға тағзым», «Өнер орталығы», бірнеше көпір құрылысы бір жылда аяқталып пайдалануға берілді. Сондай-ақ ауылдың енесін көтеру мақсатында «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының нәтижесінде біраз ауыл техникасын сайлап, бір серпіліп қалды. Жылдың тағы бір ұмытылмас сәті – аймақтағы өнер және әдебиет өкілдеріне арнап «Туран» сыйлығының табысталуы. Өнер мен әдебиетке қамқорлық жасауымен қоян жылы есте қалды. Жыл қорытындысымен аймақтағы өзге де елеулі жетістіктерді газетіміздің бүгінгі санында арнайылап бергенді жөн көрдік.

Жаңа бастамаларға жол ашатын жаңа жылға санаулы күндер қалды. Халқымыз жаңа жылдың атқан таңынан жақсылық, береке, ырыс несібе күтетіні анық. «Жаңа жылым, жарылқай келсін!» деп үміттеніп отырған бірқатар мамандық иелерінің жалақысы өседі деген сүйінші хабар елді елең еткізді. Себебі Президенттің биылғы Жолдауына сәйкес, 2024 жылдың 1 қантарынан бастап елдегі ең төменгі жалақы көлемі 85 мың теңгеге дейін өсуі тиіс. Қазір бұл шек 70 мың теңгені құрайды.

КІМДЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ?



Осылайша, ең төменгі жалақының өсуі нәтижесінде елдегі 1,8 млн адамның айлық табысы артуы керек. Оның қатарында бюджет саласында еңбек ететін 350 мың адам бар.

Премьер-министрдің орынбасары Ерұлан Жамаубаев 2024 жылы 1,5 млн-нан астам жұмыскердің жалақысын көтеруге 2,5 трлн теңге қарастырылғанын жеткізді. Өңірлік жұмыспен қамту карталарына 724 млрд теңге көзделген. 2024 жылы балабақша тәрбиешілерінің жалақысын 30 пайызға көтеру үшін бюджеттен 96 миллиард теңге қарастырылған. 242 миллиард теңге ғылымды қаржыландыруға бағытталмақ. Бұл 616 жетекші қазақстандық ғалымның жалақысын арттырады. Мемлекеттік табиғи және орман қорғау қызметкерлеріне қосымша ақы төлеуге 15 млрд теңге қарастырылған.

Сондай-ақ азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің жекелеген санаты мен жоғары әскери оқу орындары оқытушыларының жалақысын көтеру жоспарланып отыр. Азаматтық қызметкердің жалақысы көтеріледі. Олардың құрамына білікті жұмысшылар кіреді. Су саласы қызметкерлерінің айлығы 25%-ға артады. БАҚ беттерінде жарияланғандай, мемлекеттік БАҚ құралдарында еңбек ететін қызметкерлердің айлығы өседі. Биыл 30 пайызға, келесі жылы да 30 пайызға, ал 2025 жылы 20 пайызға артмақ.

Келесі жылдың тағы бір жағымды жаңалығы – қауіпті өндіріс орнында жұмыс істейтіндер әлеуметтік төлемалады. Бұл металлургия, энергетика, тау-кен секторындағы жұмысшыларға қатысты. Төлемақы 55 жасқа толғандарға 200 мың теңге көлемінде беріледі. Кеншілердің жалақысы да өсуі мүмкін.

Ең төменгі табыс 300-400 мың теңге шамасында болады. Ал бүгінде қауіпті өндіріс орындарында 490 мыңнан астам адам жұмыс істейді. 2027 жылы кітапханашы мен мұрағат ісі мамандарының жалақысы екі есе өседі.

Осындай жағымды жаңалықпен 2024 жылды бастағалы отырмыз. Әрине, жалақы өскеніне қуанамыз. Алайда инфляция мәселесі табысымызға зиянын тигізбей елді айналып өтсе деп тілейміз.

Бет материалдарын дайындаған шығармашылық топ

БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР ҚОЛДАУ ТАПҚАН КҮН



Оның ішінде «Қорқыт ата» әуежайы жаңа терминалының құрылысымен, жылу электр орталығының жобасымен танысып, облыс орталығындағы жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің көрмесін тамашалады. Сыр өңіріне арнайы

жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осылайша аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен танысып, даму деңгейіне оң бағасын берді.

ЖЫЛ АДАМЫ

ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ

Сыр топырағынан шыққан еңбек ерлері аз емес. Жер-ананы мәпелеп, Сырдың аптап ыстығында өзгелер көлеңке іздеп саялағанда маңдайын күнге сүйдіріп, егіс алқабында еңбек ететін диканнның еңбегі өлшеусіз. Қашанда егін егіп елді асырау оңай жұмыс болмаса, оған су тапшылығы қосылды. Алайда судың жайын сылтау етпей, елдегілерді еңбекке жұмылдырып, астықтан тау тұрғызған «Таң» ЛТД ЖШС басшысы Имамзада Шағыртаев 2023 жылы Қазақстанның Еңбек Ері атағын иеленді. Туған жерін түлетуге үлес қосып жүрген азамат Еңбек ері атанғанда: «Бұл атақ менің ғана емес, елдің жеңісі», – деген еді. Бұл еңбекпен ғана өркендеген сырбойылықтарға деген құрметі болар. Сыр бойы – Еңбек Ерлерінің мекені!



ЖЫЛ ҮЗДІГІ

«Сыр бойы» ҮРКЕРІ

Аймақта жылдың үздігі боларлық жетістік аз емес. Біз барлығын бірдей сараламасак та бұған дейін аз-кем тоқталғанбыз. Бұл жолы «Үздік өңірлік БАҚ» аталымы бойынша «Үркер» сыйлығын жеңіп алған «Сыр бойы» газетінің жетістігін сөз еткенді жөн санадық.

Баспа, радио, интернет журналистика саласында үздіктерді анықтайтын «Үркер» ұлттық байқауының ұйымдастырылып келе жатқанына да 6 жыл болды. Республика көлеміндегі барлық БАҚ қатысатындықтан жеңіске жету қиын. Тек мықтылардың мықтысы ғана үздіктер қатарынан көрініп, мақтаулылар төріне шығады.



Байқаудың «Үздік өңірлік БАҚ» аталымы бойынша облыстың ата басылымы – «Сыр бойы» газеті үздік деп танылып, «Үркер-2023» сыйлығын иеленді. Тарихы сонау 1929 жылдан бастау алатын «Сыр бойы» газеті – аймақ жұртын ғасырға жуық ақпараттандырып келе жатқан басылым. Бұл жетістік тек «Сыр бойының» ғана емес, Сыр журналистикасының жетістігі деп айтуға болады. Кәсіби тұрғыдан лайықты бағасын алып, марапаттың биік шыңына шыққан әріптестерімізді тағы да құттықтаймыз!

ЖЫЛ УӘДЕСІ

Әкім қаралардың жұрт үшін істейтін тірлігін айтып, елге уәде беріп жататыны жасырын емес. Сол сияқты Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың орындаймын деп уәде беріп, алдағы жылдардың еншісіне қалдырған қыруар тірлігі бар.

КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТТІМІЗ

Бірінші уәде

Аймақ басшысы берген уәденің бірі – жол мәселесі. Жол болғанда да анау-мынау көше емес, Қызылордадан батысқа қарай облыстың бес ауданын басып өтіп, Ақтобеге қарай тартатын үлкен жол. Бәріміз білетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны. Бұл жолдың машақаты белгілі. Қызылордаға дейін бірінші санатты да Қызылордадан кейін екінші санатты жол. Екінші санатты болғандықтан жол да екі жолақты. Кезінде жүретін көлік ағынының аздығына байланысты екі жолақты етіп салынған. Мамандар осылай дейді. Нәлібаев көп адамның бас ауруына айналған осы жолдың төрт жолақты болатынын айтты. Бұл мәселе бұған дейін де көтеріліп жүрген, бірақ Мемлекет басшысы Қызылордаға келгенде түбегейлі шешілетін болыпты.

Үшінші уәде

Нәлібаев берген уәденің бірі – Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту. Ыстық су жайын түйіні тарқамаған үлкен проблема деуге болады. Президент Қызылорда облысына келгенде аймақ басшысы қала тұрғындарының өтінішін жеткізіп, ыстық судың жайын сөз еткен. Үлкендердің айтуы бойынша Қызылорда қала болғалы ыстық су жоқ. Мемлекет басшысы Үкіметке әкімшілікпен бірлесіп, тездетіп жоба жасауға тапсырма берді. Нәтижесінде келесі жылға 11,5 млрд, 2025 жылға 11,45 млрд теңге бөлінейін деп жатыр. Нәлібаевтың өз сөзімен айтсақ «екі жылдың ішінде Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз етеміз. Бұл Қасым-Жомарт Кемелұлы қабылдаған үлкен тарихи шешім болды».

Екінші уәде

Облыс әкімі Қызылордада жылу электр орталығы салынатынын, тіпті 2025 жылдың тамызында аяқталатынын айтты. Өткен жылы орталық капсуласы салынғанын көпшілік жақсы біледі. Биыл құрылысы басталды. Республика күні қарсаңында «Акса Energy Uretim AS» компаниясы 76 млрд теңгеден астам инвестиция салып, қазақстандық «ИНТЕРТАСКО» компаниясын бас мердігер ретінде таңдаған. Тіпті түркиялық компания Америка мен Еуропаның General Electric, Siemens және басқа да ірі компанияларына соңғы үлгідегі заманауи қондырғыларды дайындауға алдын ала төлем жасаған деген де ақпарат бар.

Біз аймақ басшысының ел алдындағы уәдесі ретінде осы үш мәселені ғана алға тартып отырмыз. Әйтпесе, халықты тұрғын үймен қамту, жана мектептер мен денсаулық сақтау нысанын салу сынды басқа да мәселелер жетіп артылады. Нәлібаев уәдесінде тұрып, осы айтқандарын орындай ма? Ол жағы бізге де, сізге де белгісіз. Бәрін уақыт көрсетеді. Сондықтан сабырмен күтіп, алдағы күннің еншісіне қалдырайық.

ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

БҮЙРЕК АУЫСТЫРДЫ



Қоян жылының Сыр медицинасы үшін ерекше атап айтар жаңалығы – бүйрек ауыстыру отасы. Отаны Алматы қаласындағы А.Н.Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймаханов пен шәкірттері жасады.

Бүйрек ауыстыру отасы төрт сағатқа созылды. Ағза ауыстыру барысында 25 жастағы қала тұрғынына жақын туысы донор болды. Үш жыл бойы жасанды

бүйрек аппаратына тәуелділікпен өмір сүрген науқастың жағдайын дәрігерлер қалыпты деп бағалады. Ағза ауыстыру науқастың қалыпты өмір сүруіне, еңбек етуіне мүмкіндік береді.

Жалпы елімізде соңғы 10 жылда трансплантология саласы жүйелі дамып келеді. Оның ішінде бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе, ұйқы безін ауыстыру отасы сәтті жасалуда.

Бүгінде аймақта ағзасы трансплантацияланған 85 науқас бар екен. Бүйрек ауыстырған науқастардың қазіргі денсаулық жағдайы жақсы. Ал келер жылы аймақта бауыр ауыстыру отасын жасау жоспарлануда. Бұл жергілікті хирург дәрігерлер үшін де тәжірибе болмақ.

ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ

Биыл шаһарда құрылыс жұмыстары қарқын алды. Құрылыс алаңына айналған сол жағалауды қоспағанда қала орталығында бірқатар әлеуметтік нысандар бой көтеріп, ажарын айшықтай түсті.

Құрылысы қарқынды ҚЫЗЫЛОРДА

Құрылыс жұмыстары қызу жүрген аумақтың бірі – Бейбарыс сұлтан көшесі. Қайта жаңғыртудан өткен бас көше бойы 4 және 6 жолақты кеңейтілді. Облыс әкімдігінің алдындағы қоршаулар алынып, орнына

тұрғындарға арналған демалыс аллеясы бой көтерді. Одан бөлек, облыс көлемінде алғаш рет сәулеттік келбеті келіскен неке сарайы «Отбасы орталығы» мен жақында ел игілігіне берілетін 1000 орындық



руханият ордасы «Өнер орталығы» ғымараты да осы көше бойына орналасты. Бейбарыс сұлтан көшесі қаланың негізгі әлеуметтік нысандар орналасқан аумақтың бірі. Мұндағы ғымараттар алдына заманауи үлгіде жаяу жүргіншілер жолы, орындықтар, субұрқаттар салынды.

Мұның барлығы бір ғана көше бойында жүргізілген құрылыс жұмы-

сының көрінісі. Бұдан өзге қызылордалықтар үшін көптен күткен заманауи «Қорқыт ата» әуежай терминалы, сол жағалаудағы 7 қабатты тұрғын үйлерді, автобус паркін және бірқатар денсаулық сақтау нысандарын мақтанышпен айтуға болады.

Бақ өкілдері үшін өңірлік коммуникация орталығының орны бөлек. Нақты ақпарат алуға мүмкіндік жасап, іздеген кейіпкерді сұхбатқа жетелеп әкелетін қызметімен ерек. Бір сөзбен айтқанда, нақты ақпарат алаңы. «Өңірлік коммуникациялар қызметі» КММ-нің директоры Гүлнұр Бүркітбаева БАҚ өкілдеріне жылды қорытындылап брифинг берді.



НАҚТЫ АҚПАРАТ АЛАҢЫ

– Биылғы жыл өңірлік коммуникациялар қызметі үшін табысты әрі жемісті жыл болды. Жыл басталғалы орталық облыстың оң имиджін қалыптастыру үшін бірнеше ауқымды іс-шара өткізіп, билік пен БАҚ арасында дәнекер болып, түрлі креативті дүниелер шығаруда. Жаңалықтар мен ақпараттық контентті қалыптастыру бөлімі баспасөз мәслихаты мен көшпелі брифинг өткізіп, қала және аудандарда баспасөз туры ұйымдастыру арқылы аймақтағы жаңалықтарды жариялап, белсенді жұмыс істеуде. Биыл ақпарат алаңында 369 брифинг пен 62 көшпелі брифинг және 28 баспасөз туры өткізілді. Оған 424 спикер қатысты. Олардың қатарында ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев пен ҚР Парламенті Сенатының және Мәжіліс депутаты және танымал эстрада жұлдыздары қатысты. Одан бөлек, еңбек адамдары, облысқа белгілі меценаттар мен өңірлік коммуникациялар қызметінің жанынан құрылған сарапшылар қонақ болып, БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде 2000-нан астам ақпараттық баннер мен 500-ге жуық роликтер әзірленді.

Сонымен қатар жаңа бағдарламалар көрерменге жол тартып, еркін форматта «Кешкі кофе» жобасының 5 шығарылымы жарық көрсетіліп, жана «TED Q» ашық алаңы ұйымдастырылып, оған арнайы сарапшылар қатысқан.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Орталық коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында жыл басынан бері екі мәрте баспасөз мәслихатын өткізіп,

брифингтің жоғары дәрежеде өткеніне ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді. Бұл біздің орталық үшін үлкен жетістік, – деді орталық директоры.

Сөз соңында жыл бойы қоғамдық мәселеге үлес қосып, белсенділік танытқан бірқатар сарапшылар марапатталды.



Өңірлік коммуникация орталығы еңбек адамдарын да назардан тыс қалдырмады. Олар туралы арнайы сюжет түсіріп, «Кәсіп қыламын десеңіз...» айдары мен «Нүкте» және «Ашығын айтсақ...» атты хабар дайындауда. Тіпті танымал тұлғалардың қыр-сырын жұртшылыққа жеткізу мақсатында «10 сұрақ» бағдарламасын жүзеге асырса, бұдан бөлек қала тұрғындарының пікірін сұрау арқылы қызықты сауалнамалар жүргізіп келеді.

БАҚ пен биліктің алтын көпіріне айналған өңірлік коммуникация орталығы алдағы жылы да өз қызметін жандандыра түсуді жоспарлауда. Ақпараттар ғасырында шынайы, нақты, ең бастысы кейіпкердің өзін сөйлетуге мүмкіндік жасайтын орталықтың журналистер үшін орны ерекше.

ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ

КАРАТЭДЕН АЛТЫН АЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ

Биыл Венгрияда өткен Әлем чемпионатында қазақ қызы алтыннан алқа алды. Сыр сұлуы Мөлдір Жанбырбай каратэден алтын алған алғашқы қазақ.

Ол 2015 жылы Грузияның Тбилиси қаласында өткен олимпиадада каратэ-додан жеңіске жеткен болатын. Содан бері араға бірнеше жыл салып, яғни биыл Хуанчжоуда өткен Азия ойындарында каратэ-додан күміс жүлдені иеленді. Осы сәтте бойын өкініш сезімі кернеген Мөлдір Жанбырбай өзіне «Азия ойындарында кеткен есені Әлем чемпионатында қайтарамын» деген мақсат қояды.

Сырдың жас спортшысы биыл Венгрияда өткен чемпионатта топ жарып, алғаш рет каратэ-додан әлем чемпионы атанды.

Жас спортшы Мөлдір жақында қалалық «Ақмешіт апталығы» газетіне берген сұхбатында әлемдік жарыстарға қатысу барысында киелі мекен Сыр елі, туған жері атынан сайысқа түсетінін айтып, биылғы жеңісін Сыр еліне арнайы жеткізген еді. Сырдың сұлу, батыр қызы Мөлдір сияқты әлемге өзінің атын ғана емес елін, жерін танытып, көк байрақты желбіреткен спортшыларымыз көбейе берсін.

ЖЫЛ КӘСІПКЕРІ

АУЫЛДЫ ТҮЛЕТУДІ ПАРЫЗЫМ ДЕП БІЛЕДІ



Сырбойлық ағайынды кәсіпкер Мұрат, Марат Сәрсенбаевтардың есімін елдегілер ғана емес, дүйім ел таниды десек артық айтқандық емес. Ел үшін жасап жатқан еңбектері толағай табысқа толы «Абай-Дәулет» ЖШС иелері бір күндігін емес, мың күндігін болжаған, ел қамын ойлаған азаматтар. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін тың жобаларды жүзеге асырып ауылды көтеруге білек сыбана кіріскен кәсіпкерлердің еңбегі елге аян. Тиімді бағада күріш сату үшін дүкен ашып, Қазақстанда алғаш рет фри зауытын іске қосып, Бесарық ауылында құс бағып, құстың етін, жұмыртқасын өндіріп, елге жұмыс көзін тауып беріп, жұмысшыларына жағдай жасап, ел алғысына бөленуде. Биыл «Абай-Дәулет» ЖШС «Парыз» сыйлығын иеленді. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін ұғынған кәсіпкерлердің арасынан ең үздігіне берілетін бұл мәртебелі сыйлық ауылды дамытуды парызым деп білетін азаматтардың бір ғана жеңісі.

Бет материалдарын дайындаған шығармашылық топ

ЖЫЛ БОЛЖАМЫ

Биыл қазақтың жыл санауы бойынша Ұлу жылы табалдырықтан аттағалы тұр. Ұлу – мүшел есебінің бесінші жылы, қоян жылынан соң жылан жылынан бұрын келеді. Қазақ бұрыннан әр жылдың өзіне тән сипатын берген. Ал Ұлу жылы қандай болады?

Шығыс жылнамасына сәйкес келесі жылдың иесі ұлуға келсек, халық арасында өте жайлы, жақсы жыл болады деген сенім бар. Сонымен қатар бейбіт өмірді сүйетін, жайлы, тыныштықты жаны қалайтын, ақылды да зерек адамдар осы жылы туады деседі.

Тағы бір ерекшелігі, ұлу жылы барлық уақытта кібісе жылдармен тұра келеді. Төрт жылда бір рет қайталанып келетін басы артық бір күн 2024 жылдың ақпан айының үлесіне тиеді. Осылайша келесі жыл 366 күннен тұрады. Сондай-ақ ұлу суда жүретін болғандықтан әдетте бұл жыл құрғақшылық болмайды. Жыл тыныштықпен, береке-молшылықпен өткен. Қазақтар ұлу жылы астық пен шөп мол болады деп жорамалдаған.

Лайым, келе жатқан ұлу жылы да елге сондай жайлы болсын демекпіз. Олай болса әр жыл белгілерін 2024 жылы не күтіп тұр, кімдердің жолы болып, кімдердің жұлдызы жанады?

«ТАЛАПТЫҒА НҮР ЖАУАР»

Тышқан жылы дүниеге келгендер үздіктер қатарында болады. Ұлу жылында атыңызды шығарып, танымал болуға мүмкіндік зор. Айналаныздағы адамдардың құрметіне ие бола аласыз. Қолыңыздан келетін нәрсені ақшаға айналдырып, өзіңіз жайлы жарыса айтудан еш қорықпаңыз. Себебі сізге келер жыл сондай мүмкіндік бермек. Яғни өзіңіз жасаған дүниені жарнамалап, соғұрлым пайдаға кенелуіңіз мүмкін.

Жаңа жылда кез келген қиындықты жеңуге күшіңіз жетеді. Қаржы жағынан және жобалармен жұмыс істеу жағынан асығыңыз алшысынан түседі. Әсіресе кәсіппен айналысатын адамдарға қарап қалуға болмайды. Қоғам арасында белсенді болыңыз. Бұл сізге жақсы әсер етеді.

СИЫР ЖЫЛЫНДАҒЫЛАРҒА СӘТТІЛІК

Сиыр жылындағыларға қаржылай жағынан өсім байқалады. Жаңа деңгейге шығасыз. Өз күшіңізге сенген абзал. Сонымен қатар қолыңыздан бәрі келетініне еш күмәнданбаңыз. Қол жеткізетін нәрселер үмітіңізді ақтайды.

Оған қоса жаңа жылда алдыңызға жоғары мақсаттар қойып, соған жетуге жұмыстар жасаңыз. Сәттілік батыл адамдарды жақсы көреді. Сондықтан батылдық бола біліңіз. Бұл жылы бәсекелестік қатты болғалы тұр. Өз мүдденізді белсенді түрде қорғаныз. Өзгелер сіздің сенімділігіңізді пайдаланып, алдап кетуіне жол бермеңіз. Жалпы соңында жетер нәтиже тамаша болады.

ЕСТЕН КЕТПЕС САЯХАТ ЖЫЛЫ

Барыс жылындағы жандар үшін ұлу жылында саяхаттауға, жолға шығуға көп мүмкіндіктер сыйлайды. Сізді естен кетпес саяхаттар, жаңа елдерге бару күтіп тұр. Бастысы, ел, жер көріп, ой-өрісіңіз кеңейе түседі. Өзіңіз бұрыннан басқа жерге барып, демалуға армандап жүрсеніз, келер жылы соны жүзеге асыруға қолайлы уақыт.

Егер сыртқа шығып қайтсаңыз, өміріңізді өзгертетін жағдайлар орын алуы да ғажап емес. Ал егер демалу емес, жұмыс істеуге ұсыныс түссе, оған да жақсылап ойланған жөн. Себебі жолыңыз болмақ. Қорқынышқа ерік бермеңіз, жылдам шешім қабылдайтын болыңыз. Дамуға деген талпынысыңыз өміріңізді ертедегідей етеді. Осыны есте сақтаңыз.

Өз кәсіби салаңызда ескіліктің адамы болып қалмай, тек жаңарып, өзгеріс енгізіп отырған сіз үшін өте қолайлы болмақ. Осы жылы көшбасшылық позицияға шығуыңыз әбден мүмкін. Бірақ денсаулыққа да мән берген дұрыс.

ҚОРЫҚПАУ КЕРЕК

Қоян жылындағылар үшін жаңа жылда бой жазып, денсаулықты жақсартуға мол мүмкіндік туып тұр. Үнемі кейінге қалдырған шаруаларыңыз болса, соны қолға алатын сәт келді. Өз ішкі сеніміңізге толық сеніңіз.

Жалғыз қалудың сәті түссе, оны тиімді пайдалана біліңіз. Ұлу жылында өміріңізді өзгертуге деген жақсы ниет пайда болады. Соған әрекет етіңіз. Еш қорықпаңыз, бәрі жақсы болады. Тек оның жақсы болуы өзіңізге байланысты.

Жұмыс пен демалыс, дұрыс тамақтану, уақытылы ұйықтап, нақты кестемен жүру денсаулығыңызды нығайта түседі. Өміріңіздің сапасы да жақсарыды. Жаңа жылда жоспар құруда өте мүмкіндік болғайсыз. Сонымен қатар ұлу жылында ешкімен жаға жыртаспай, сабырлы күйде жүрген абзал. Себебі бұл сізге теріс әсер етуі мүмкін.

«БІР КҮН ҰРЫСТЫҢ ҚЫРЫҚ КҮН КЕСІРІ БАР»

Ұлу жылындағы жандарды орасан зор мүмкіндіктер, жаңа дамулар күтіп тұр. Оған қоса табысты көбейтуге қолайлы жыл. Жаңа жыл басталысымен өміріңізде ерекше жағдайлар орын алады. Бірақ жыл басталмай жатып, нақты жоспарлар құрып алыңыз. Осылайша биік белестерді бағындыратын боласыз.

Ұлу жылындағыларды барлық салада жақсылық күтуде. Тек сеніміңіз мықты болуы керек. Ескере кететін жайт, өзіңізді көп шаршатпаңыз. Өмірде ешкімен ұрыспай, белсенді позиция, үнемі әрекет етіп жүру ойлағаныңызды жүзеге асуға жол ашып береді. Осы жылы

сізге шабыт сыйлайтын дүниелер, ол өзіңіз бұрын көрмеген жерлерге барып, саяхат жасау. Егер ондай мүмкіндіктер болса, өзіңізді еш шектемеген дұрыс.

ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ КҮТІП ТҮР

Жылан жылындағы жандар биік белестерден көріне алады. Тек дамуға, өсуге жағдай жасаңыз, соған көңіл бөліңіз. Егер сізге халықтың алдына шығып, сөз сөйлеу бұйырса, бас тартпай еш қысылудың қажеті жоқ. Ішкі сеніміңізді тыңдап, қолдана білген жөн.

Ұлу жылы сіз үшін жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Әсіресе жеке өмірге қатысты жақсы жаңалықтар көп болғалы тұр. Баспаналы болуға, некеге тұруға, саби сүюге мүмкіндік зор. Сонымен қатар осы жылы лауазымды адамдардың қолдауына ие бола аласыз. Олардың арқасында жолыңызда кездескен қиындықтарды оңай еңсересіз.

ЖАЙЛЫ ЖЫЛ БОЛАДЫ

Жылқы жылында дүниеге келгендер ұлу жылында көбіне жалғыз қалғысы келетін сәттер жиілей түспек. Егер жұмыстан немесе басқа мәселеден шаршап жүрсеніз, өзіңізге ұнайтын елге барып, саяхаттауға болады. Ол сізге оң әсер етпек.

Жаңа жылда стиліңізді ауыстыруға ниет пайда болуы мүмкін. Бұл – жақсылықтың нышаны. Әсіресе рухани тұрғыда дамуға бағытталған қаламыңыз сізді өз ортанызда дара тұлға етеді. Ұлу жылында денсаулық жағдайыңызды бақылап, эмоцияңызды да бірқалапты ұстауға кеңес береді. Осы жылы өзіңізді әлеуметтік желі арқылы таныстырып, кітап жазуға ниеттенсеңіз, өте тиімді болмақ. Жалпы жыл жайлы өтеді.



ҚАТАРДАН ҚАЛМАҢЫЗ

Қой жылындағыларға көптен армандаған кәсіпті қолға алып немесе бір жобаға кірісуге мүмкіндігі бар. Әсіресе білім саласында бағыңыз жанады. Мүмкін, сіз біраз жыл біліміңізді дамытуды кейінге қалдырған боларсыз. Енді оның уақыты келді.

Сондай-ақ ұлу жылында көптеген өзгеріс күтіп тұр. Жаңа жыл өзіңізді шектемеуді сұрайды. Сонда ғана батыл идеяларды жүзеге асырып, қалағаныңызға қол жеткізе аласыз. Көбісі жылдың басында маңызды шешім қабылдауы мүмкін. Жұмыс, бизнес, оқу салаларында бағыңыз жаңғалы тұр. Жаңа белестерді бағындырып, жоғары деңгейге шығуға мүмкіндік мол.

Сонымен қатар көпшілік орындарға көп шығыңыз. Мысалы театр, кино, концерт, конференция секілді шараларға жиі барған өте қолайлы болмақ. Сол кезде сіз қатардан қалмайсыз.

АБЫРОЙ МЕН БЕДЕЛДІҢ ЖЫЛЫ

Мешін жылындағыларға ұлу жылында абырой мен беделі жұмыс істейді. Өз ортаныңда сізді қолдаушылар қатары көбеймек. Таныстарыңыздың да көмегі тимек. Реті келсе команданы бірге жұмыс істесеніз, жетістікке жету үшін бұл маңызды стратегия болмақ. Әрбір істе мүмкіндік болып, жақсылық тексеріп алған жөн. Әсіресе заң, қаржы саласында абай болған абзал. Осы жылы мол ақша тапқыңыз келсе, өзіңізге ұнайтын іспен айналысыңыз. Әрі әрдайым жақсы эмоцияда, көтеріңкі көңіл-күйде жүріңіз. Себебі ақша жағымды энергияны жақсы көреді. Сол кезде қалтаңыз да қалыңдай түспек.

БІРІНШІ ОРЫНДА СЫЙЛАСТЫҚ

Тауық жылында туғандар үшін жаңа жетістіктер мен бақытты сәттер күтіп тұр. Екінші жартысын іздеп жүрген жандар болса, өз махаббатын жолықтырып, некесін қия алады. Отбасылы жандар тату болып, нығая түседі. Серігіңізбен жиі серуенге шыққан дұрыс. Бұл жақсы әсер етеді. Адамдар сізді білімді, мықты деп қабылдайды. Соның арқасында құрметке ие бола аласыз. Жылдың бірінші жартысында жаңа серіктестікті бастап, ал оның жемісін жылдың екінші жартысында көруіңіз әбден мүмкін. Осы жылы белсенді болыңыз. Барлық мүмкіндікті қолдана біліңіз. Сонымен қатар өзіңізді барлық салада байқап көруге болады. Барынша ашық, батыл, жарқын болсаңыз, сізді қолдайтындардың саны көп болмақ.

«АЛМАС ҚЫЛЫШ ҚАП ТҮБІНДЕ ЖАТПАЙДЫ»

Ит жылындағы жандар ұлу жылында бойында ашылмай жатқан қабілеттерді аша алады. Сондықтан осы жылы өз бойыңыздағы дарынды ашуға тырысыңыз. Соған барынша көңіл бөліңіз. Өнер, спорт, бизнес салаларында өзіңізді шектемей, талпынып көруге болады. Ұлу жылы алдағы болашағыңыздың іргетасын құйып, негізін қалауға қолайлы кез. Осы жылы жиі саяхаттап, тіпті тұрғылықты мекен жайды да ауыстыруыңыз ғажап емес. Жаңа идеялар болса, соны жүзеге асыруға батылдық болу қажет. Уайымдай бермей, сенімділікпен қабылдаңыз. Сол кезде үлкен белестерге жол ашылады. Жаңа жылда жеке бюджетті дұрыс жағынан есептеп, аса мән берген дұрыс. Сонда ғана ретсіз шығындарға жол бермейсіз. Арасында өзіңізді еркелетіп тұрыңыз.

АРМАҢДАР ОРЫНДАЛАТЫН ЖЫЛ

Доңыз жылындағы жандар осы жылды армандарын орындауға арнауы керек. Себебі сіз үшін барлық жол ашық. Ал басы бос жандар үшін шаңырақ көтеруге қолайлы сәт туады. Осы жылы құрылған отбасы мықты болады. Ал егер отбасылы болсаңыз, үйіңізді бақытты етуге тырысыңыз.

Жұмыста беделіңіз арта түседі. Қалауларыңыз өзіңіз қалағандай орындалмай жатса, қосымша білім алып, ізденудің артықтығы жоқ. Жоғарылауға деген талпынысыңыз қолдау табады. Кәсіп бастағыңыз келсе, жақсылап сараптама жасап алып, кіріскен дұрыс. Сол кезде ісіңіз дөңгелеңе түседі.

Жылдың бірінші жартысында жақсы нәтижелерді көре бастайсыз, сәттілік серігіңізге айналады. Бірақ арасында өзіңізді шаршатып алмаңыз. Өзіңізге шабыт сыйлайтын дүниелерге жақын болыңыз.

Дайындаған Ақтоқсан НҮРЛЫБАЙ

Газеттің келесі саны 4 қаңтар, 2024 жылы шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Алғашында 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерімен сөйлесу арқылы, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3109 Тапсырыс №2065

Нөмірдің кезекші редакторы Назира МҰҚАТАЕВА